




«Мен сурет салуды таудың  
бұлағынан, қойдың құлағынан,  
ешкінің мүйізінен,  
ананың оюынан үйрендім.»

*Д. Застеев*



«Түрксіб» 1969 жыл.

Жұмыс тәртібі:

Күн сайын сағат 9:00 -18:00 дейін ашық  
Демалыс күндері - сенбі, жексенбі  
Әр айдың соңғы күні тазалық күні

Мекен-жайымыз:

Ұлытау облысы,  
Жаңаарқа ауданы,  
Ақтайлақ ауылы,  
Ұландар көшесі 8



Телефон:

8-710-305-16-52



Біздің электронды поштамыз:  
[aktauylak.kitapkhana@mail.ru](mailto:aktauylak.kitapkhana@mail.ru)



Инстаграм:

Kitapkhana Aktauylak



Тик-ток:

f19kitapkhana

Дайындаған:

Түребекова Аңсаған Рахымтайқызы



"Сәкен Сейфуллин атындағы  
кітапханалар жүйесі" КММ



*Збілхан Застеев*

*(1904 –1973 жж.)*

Ақтайлақ ауылы, 2024





Әбілхан Қастеев – қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретшісі, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі. Туып-өскен жері – Алматы облысына қарасты Жаркент төңірегі. Топырақ бұйырған жері – Алматы қаласы. Қазақстанның халық суретшісі (1944). Қазақстан Суретшілер одағы басқармасының төрағасы (1945-1956).

Еңбек жолын Түрксіб темір жол құрылысында жұмысшы болып бастады. Мәскеудегі көркемсурет студиясында Н.Хлудов пен И.Бродскийден сабақ алды (1929-1936). Халық өмірінің алуан көріністерін шынайы бейнелеген мыңнан астам көркем туындыларды дүниеге келтірген.

Қастеевтің анасы Айганиша кілем, алаша, бау-басқұр тоқуға, сырмақ сыруға, шым иші жасауға шебер адам болыпты. Әбілхан осы бала кезінен, анасына ою-өрнектер салуға көмектесіп, сурет өнеріне қолын үйретіп өседі.

Оның 1930-1931 жылдары салған "Қарындастың портреті", "Автопортрет" атты туындылары түпнұсқаға ұқсастығымен және кейіпкер болмысын ашуға деген талпынысымен ерекшеленеді. Ол бірте-бірте ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысына ден қойып, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге суреткер зердесімен қарай бастайды.



Оның "Мектепте" (1930), "Түрксіб" (1932), "Жамбылдың портреті" (1937), "Ескі және жаңа тұрмыс" (1937-1941), "Амангелді сарбаздары" (1970) сияқты туындылары дарынды суретшінің өткен мен бүгінгі шынышылдықпен бедерлеген көркем шежіресі іспеттес.

Әбілхан Қастеев суретші ретінде өзіндік дара қолтаңбасымен ғана ерекшеленіп қоймай, туған жері мен өскен елін перзенттік махаббатпен жырлай алған біртуар суреткер.

Зерттеуші ғалымдар қазақ халқының тарихын кітап ретінде жазып қалдырса, Ә.Қастеев халқымыздың еңбек өмірін, тың жерлерді игеруден бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихын айнадан көрсеткендей қылқаламымен айқын бейнелеп берді. Отанын, халқын жанындай сүйетін патриот суретшінің сарқылмайтын сан салалы тақырыбы - Советтік Қазақстанның өміріне арналған жылнама іспетті.

Бүгінгі таңда Ә.Қастеев туындылары Қазақстанның көптеген ірі мұражайларында, сонымен қатар Ресей, Украина және Қырғызстанда, алыс және жақын шетелдердің жеке жинақтарында сақтаулы.